



# Ауыл жаңалығы

## СЕЛЬСКАЯ НОВЬ

Газет 1940 жылдан шыға бастады  
www.auil-zhanaligi.kz

№6 (9389)  
Жұма 24 қаңтар 2025 жыл

Байзақ аудандық газеті  
Байзакская районная газета

▶ АУДАНЫҚ ӘКІМДІКТЕ

## ЖАУАПТЫЛАРҒА НАҚТЫ МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ



Әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімі Олжас Баққараевтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте маңызды мәселелер қаралды.

Алдымен аудан әкімдігі қаржы бөлімінің есебі және елді мекендердің қала аумағына қосылуы туралы бөлім басшысы Жарқынбек Айтқұлов есеп берді. Баяндамашы бөлімнің өткен жылғы атқарған жұмыстары мен елді мекендердің қала аумағына қосылу барысындағы жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Мұнан кейін аудан әкімдігі сәулет, қалақұрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Ербол Садыров жеке тұрғын үй құрылысын жүргізуге арналған алқаптардың игерілуі туралы есеп берді. Бөлім басшысы елді мекендердегі тұрғын үй алқабында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және сүмен қамтамасыз ету құрылысына жобалау - сметалық құжаттама әзірленіп жатқанын жеткізді.



Күн тәртібінде қаралған мәселелерге байланысты сын-ескертпелер

айтылып, ұсыныстар берілді. Жиын соңында аудан басшысы

жауаптыларға нақты міндеттер жүктеп, берілген тапсырмалар хаттамаға енгізілді.

▶ ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

## Қоғамдық қабылдау өткізді



АУДАН ӘКІМІ ОЛЖАС БАҚҚАРАЕВ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ.

Қабылдауға келген Қостөбе ауылының тұрғыны Дінмұханбет Наурызбаев ауылдағы Әулие ата көшесінің басында жаяу жүргінші және автомобиль жолдарына халықтың қауіпсіздігі үшін жасанды жол кедегісін орнатуды, сарыкемерлік спорт маманы Мырза Қозиев Сарыкемер ауылындағы жаңадан салынып жатқан спорт кешенінің аудан әкімдігінің теңгерімінде қалдыруды сұрады. Қосақ ауылының тұрғыны Бекен Сапақов Қосақ ауылынан "Ауыл береке" базарына тікелей автобус маршрутын ашуды, тараздық Талант Нұрғожаев Тәжік-Ауған соғысының ардагерлеріне арнап ескерткіш орнатуды сұрады.

Ал басқада тұрғындар өтініштерінің басым бөлігі баспана мәселесіне қатысты қозғалды. Сонымен қатар, жер телімін алу, жұмыспен қамту және жол мәселесін көтеріп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына байланысты келген азаматтар да болды. Тұрғын үймен қамту және жер телімдерін беруге қатысты сұрақтармен жүгінген тұрғындар өздерін мазалаған сауалдарына жауап ала алды.

Аудан тұрғындарының ұсыныс-өтініштеріне заң аясында жауаптар беріліп, кейбір мәселелерге қатысты тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Қабылдауға аудан әкімдігі жер қатынастары, сәулет, қала құрылысы және құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің басшылары мен мамандары және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Ақпараттық медиа орталығы.

▶ КЕЗДЕСУ

## ЭТНОС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

КЕШЕ АУДАНЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАДА АУДАН ӘКІМІ ОЛЖАС БАҚҚАРАЕВ АУДАНЫМЫЗДАҒЫ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ.

Кездесуге аудан әкімі аппаратының басшысы Асылжан Құрманов, аудан әкімдігі ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары Мадина Сейтқазина мен Сәкен Сыздықов қатысты.

-Ауданымызда 5 этномәдени бірлестік жұмыс жасайды. Аталған бірлестіктердің ұйытқы болуымен ел бірлігі мен ынтымақ, заң мен тәртіп, сенім мен жауапкершілік тәрізді құндылықтарды өскелең ұрпақ бойына қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар өтуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен ауданымызда «Бейбітшілік және келісім» жобасы аясында жыл сайын бірқатар өзекті мәселелер шешімін табуда.

Ынтымақ пен берігейлік, татулық пен бірлік-басты байлығымыз. Биылғы жылдың наурыз айында Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Осы жылдар ішінде Ассамблея өзіне жүктелген міндетті орындап, қоғамда этносаралық тұрақтылықтың сақталуына басымдық беріп келеді, - деген аудан басшысы Олжас Елебекұлы бүгінгі кездесуді еркін форматта өткізуді атап өтті. Жиналған этнос өкілдеріне өздері тұрып жатқан ауылдары, 30 жылдық мерейлі мерекені қалай атап өтуге болатыны жайлы ұсыныс-пікірлерін ашық айтуды сұрады.

-Біз ауданда ұзақ жылдардан бері тұрып келеміз. Аудан халқымен тығыз араласып, жұмыс істедік,

әліде істеп жатқандар бар. Осында тұрған соң қазақ халқының салтын жүргізіп, салт-дәстүрін сақтаймыз. Бізге ешқандай қысым жасалып жатқан жоқ. Алда да ауызбірлік, ынтымақ, бірлікте болып, жетістіктерге жете беретін боламыз, - деді алдымен сөз алған «Түрік» этномәдени орталығының мүшесі Мехия Мұсаұлы.

-Мен, - деді Бурыл ауылдық округі ардагерлер кеңесінің мүшесі, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Умат Фадилұлы, - 17 мұндай тұрғыны бар, көп ұлтты Бурыл ауылынан келдім. Біздің ауыл халқы еңбекқор. Ауылда жерде көп, суда мол. Алайда ауылдағы шаруа қожалықтарының жағдайы мені алаңдатады. Өсірген қант қызылшасын өткізе алмай жатыр. Басқада мәселелері бар. Соларға көмек керек. Тағы бір айтатын мәселе ауыл көшелері жөнделіп, асфальтталса дұрыс болар еді.

Аудан басшысы О.Баққараев қант қызылшасын өткізу барлық жерде өзекті мәселеге айналып отырғанын айтты. Оның басты себебі қант қызылшасының шығымы биыл жоғары болғандықтан екенін жеткізді. Келешекте қант қызылшасы жер көлеміне қарай емес, жерден алынатын өнім мөлшеріне қарай егілетіні айтылды. Сондай-ақ, егін суы биыл мол болатыны, каналдардың жөнделіп жатқаны, Талас өзенінің жағалауы көтеріліп жатқанына хабар берді.



Ал, көше жолын жөндеуге байланысты аталған ауылдан бірде-бір жоба өтпеген. Егерде сметалық құжаттар дайындалып, сараптамадан өз мерзімінде өтсе оған қаралған қаржы бар екендігін атап өтті.

Кездесуде аудандық ардагерлер, қоғамдық кеңес төрағалары Серік Ермеков, Қыдырәлі Оралов, Құмжота ауылынан келген ардагер Кирман Сармамбетов, аудандық «Орыс» этномәдени орталығының мүшесі Людмила Кочергина ауыл шаруашылығына байланысты мемлекеттен берілетін жеңілдетілген несиелер, қант қызылшасы, пияз егу жұмыстарын ретке келтіру, ауданнан мүмкіндік болса шағын қант өндіру цехын ашу, аудан орталығындағы К.Әзірбаев атындағы Саз

мектебіне жаңа ғимарат болса деген тілектерін жеткізді.

-Ауыл шаруашылығына байланысты жұмыстарды ретке келтіретін боламыз. Ал Саз мектебінің ғимараты бізді ойландырып отыр. Аталған мекеме облыстық білім басқармасына қарайды. Дегенмен онда тәрбиеленіп жатқандар біздің балаларымыз. Сондықтан бұл мәселені шешу жағын қарастырамыз. Аудан әкімдігінің бірнеше бөлімі ғимаратты жалға алып отыр. Оған талай қаржы кетеді. Біз бұл мәселелердің барлығын қарастыратын боламыз, - деді аудан басшысы.

Сүндетулла АБЫЛАШҰЛЫ,  
"Auyl janaligy".

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ



## БҮЛДІРШІНДЕРГЕ ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

Айтулы шараға аудан әкімі Олжас Баққараев, аудандық мәслихаттың төрағасы Бақтияр Ақбаев, аудандық соттың төрағасы Досжан Төленбеков, аудан әкімінің орынбасары Рүстем Қасымов, аудан әкімі аппаратының басшысы Асылжан Құрманов, мәслихат депутаттары, ардагерлер мен тұрғындар қатысты.

Салтанатты шарада сөз алған аудан әкімі Олжас Елебекұлы аудан орталығында 12 балабақша болса, оның 3-і мемлекеттік, 9-ы жекеменшік екендігін, жеке кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан көптеген көмек көрсетіліп жатқанын, мұндай игілікті істер қолдауға табы беретіндігін айтты. Жиналғандары айтулы қуанышпен құттықтады. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Ермеков ел-жұртқа шарапаты тиетін істің басында жүретін кәсіпкер Алмаз Балшыбековтің жұмысына табыс тіледі.

Мұнан кейін балабақшаның лентасы қиылып, шашу шашылғаннан кейін аудан басшысы бастаған жиналған көпшілік ғимаратты аралап көрді.

Мекемеде 4 топ бар. Мұнда 2 жасан 4 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Мұнда бүлдіршіндердің белсенді қозғалысы мен дамуына жағдай жасалған. Ойын алаңдары мен жатын бөлмелері, асхана, музыкалық, медициналық кабинеттер бар.

Өз тілшіміз.

БҮГІНГІ  
САНДА

2 Ғасыр жасаған майдангер  
«Атапай» партиясы-халықтың аманатын орындайтын партия

3 «Әкімшілік құқықбузышылық туралы іс жүргізу қағидастары»  
Лудомания - қауіпті кесел

4 Бала тәрбиесі - балабақшадан  
Жасөспірімдеріміз жүздемен оралды





